

## **"Маңғыстау облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесін құру туралы**

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 19 ақпандағы № 29 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 ақпанда № 2618 болып тіркелді.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 29 қыркүйектегі, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңдарына, "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 1397 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Маңғыстау облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) құрылсын.

2. **Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 16.04.2020 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. "Маңғыстау облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (А.К. Рзаханов): осы қаулының Маңғыстау облысының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін;

мемлекеттік мекеменің Маңғыстау облысының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. "Маңғыстау облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (М.Б. Әлібекова) облыстың коммуналдық меншіктегі объектілер тізіліміне тиісті толықтыру енгізсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары С.Т. Алдашевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

"Маңғыстау облысының

қаржы басқармасы"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

М.Б. Әлібекова

29 ақпан 2015 ж.

Маңғыстау облысы әкімдігінің

2015 жылғы 29 ақпан

№ 29 қаулысымен бекітілген

**"Маңғыстау облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы"  
мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

**Ескерту. Ереженің күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 16.04.2020 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**